

## Радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 наурызда № 13542 болып тіркелді.

"Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық, оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2016 жылғы 24 ақпан

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2016 жылғы 9 ақпандагы

№ 49 бұйрығымен

бекітілген

## **Радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны 6-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және радионуклидтік көздермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидалар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға таралады.

3. Осы Қағидалардың қолданылуы радиоактивті қалдықтармен, ашық радионуклидтік көздермен, ядролық материалдармен және иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істейтін объектілерге таралмайды.

4. Радионуклидтік көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қалыпты пайдалану және авария кезінде радиациялық әсердің персоналға, халыққа және қоршаған ортаға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандагы № 155 бұйрығымен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" гигиеналық нормативтерінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

3601 болып тіркелген) белгіленген шектерден артық жол бермеу мақсатында көздерді техникалық жағынан ақаусыз жағдайда ұстau және жобалау және (немесе) өзге де техникалық құжаттамаға сәйкес пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Радионуклидтің көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету тәртібі**

**Ескеरту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Радионуклидтің көздерді, құрамында радионуклидтің көздер бар құрылғылар мен қондырғыларды және техникалық жағынан ақаусыз жағдайда Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамаларының, техникалық және пайдалану құжаттамаларының талаптарына сәйкес ұстauға, оларды пайдалануға бағытталған радионуклидтің көздермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары ұйымдастыру және техникалық шараларды қамтиды.

6. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру шаралары қызметті лицензиялауды, технологиялар мен жабдықтардың сәйкестігін бағалауды, авариялық әзірлікті қамтамасыз ету және авариялық дең қоюды қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеуді, рұқсатсыз кіруден қорғауды, радионуклидтің көздерді есепке алууды және олардың қазғалысын бақылауды қамтиды.

7. Техникалық шаралар радионуклидтің көздерді физикалық қорғау жүйесінің бар болуын, радиациялық бақылауды қамтамасыз етуді, дистанциялық тетіктерді қолдануды, жабдықтарды, көлік құралдарын қалыпты жағдайда ұстaudы қамтиды.

8. Радиациялық қауіпсіздік:

- 1) радионуклидтің көздердің сақталуын бақылау және оларды есепке алу;
- 2) персоналға, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді бақылау;
- 3) радионуклидтің көздерге рұқсатсыз қол жеткізуден немесе оларды біліксіз пайдаланудан қорғау;
- 4) радионуклидтің көздерді пайдаланатын обьектінің қауіпсіз жұмыс істеу жағдайларын қамтамасыз ету;

5) радиациялық авария жағдайында немесе оның пайда болуының нақты қауіп кезінде радиацияның әсерін төмендететін қорғау шараларын және негізгі шүғыл шараларды өткізуге әзілікті жоспарлау;

6) радиациялық әсердің ағымдағы және ықтимал деңгейлері туралы ақпараттың қол жетімділігі және дәйектілігі арқылы қамтамасыз етіледі.

9. Жабық радионуклидтің көздер олардың саңылаусыздығы бұзылған жағдайда пайдаланылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жабық радионуклидті көз салынған құрылғы механикалық, химиялық, температуралық әсерлерге төзімді болып жасалады, оның радиациялық қауіптілік белгісі болады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жабық көздері бар стационарлық қондырғыларда жұмыстар жүргізілетін үй-жайлар бұғаттау және көздің (көздер блогының) жағдайы туралы дабыл беру жүйелерімен жабдықталады және қондырғыны энергия көзінен ажыратқан жағдайда немесе штаттан тыс жағдай туындаған кезде сәулелену көзін мәжбүрлеп қашықтан ауыстыруға арналған құрылғы көзделеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.05.2022 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жабық радионуклидтік көздері бар аспаптарды үй-жайлардан тыс немесе ортақ өндірістік үй-жайларда пайдалану кезінде сәулелену көздеріне бөгде адамдардың қол жеткізуіне мүмкіндік болмауы және көздердің сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.